

2022 жылдың 27 тамызында
өткізілген №1 педагогикалық
кеңесінде



«Бөбекжай
«Әлжап ана» Бөбекжай
балабақшасының МКҚК
меніңерушісінің м.у.а :
С.А. Жолдасова

«Әлжап ана» бөбекжай балабақшасының
2022-2023 оқу жылының
жылдық жоспары.

Жылдық жоспардың структуралық моделі

Мақсаты:

Ата-аналармен бірлесе отырып, баланың тұлғасын дамытуға біріңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру. Отбасымен бірігіп балалардың өмірін қорғау, денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау. Отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып балаларды әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау.

Міндеттері:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың инновациялық тәжірибелерін пайдалану қажеттілігі факторлары жаңа стандарт жүйесінде іске асыру. Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру.

I. Ұйымдастыру жұмыс.

- 1.1. Кіріспе
- 1.2. 2021-2021 оқу жылының жұмысын талдау.
- 1.3. 2022-2023 оқу жылының міндеттері.
- 1.4. Балабақшаның күн тәртібі.(ҚР ДС министрінің №59 бұйрығы 09.07.2021ж)
- 1.5. Үлгілік оқу жоспары. Ұйымдастырылған іс- әрекетінің кестесі
- 1.6. Бір жылға арналған іс-шаралар кестесі.

II. Мамандармен жұмыс.

- 2.1. Педагогикалық кеңестер.
- 2.2. Өндірістік кеңестер.
- 2.3. Меңгеруші жанындағы кеңестер.
- 2.4. Педагогтарды аттестациядан өткізу кестесі.
- 2.5. Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары.
- 2.6. Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары.
- 2.7. Педагог-психологтың жұмыс жоспары.
- 2.8. Құқықтық жалпы оқыту (*Мектепке дейінгі ұйым қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер*)
- 2.9. Медициналық қызмет.
- 2.10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспары (*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бойынша*)
- 2.11. Педагогикалық әдеп жоспары

III. Әдістемелік жұмыс.

- 3.1. Әдістемелік кеңес.
- 3.2. Консультациялар, семинарлар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер.
- 3.3. Озық педагогикалық тәжірибе.

- 3.4. Жас мамандармен жұмыс
- 3.5. Ашық ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері.
- 3.6. Шығармашылық топтың жұмыс жоспары.

IV. Балалармен жұмыс.

- 4.1. Қауіпсіздік мектебі.
- 4.2. Ертеңгіліктер.
- 4.3. Серуендер.
- 4.4. Сайыстар, көрмелер

V. Бақылау мен басқару.

VI. Ата-аналармен жұмыс

- 6.1. Жалпы ата-аналар жиналысы.
- 6.2. Топтар жиналысы.
- 6.3. Ашық есік күнінің жоспары.

VII. Жазғы сауықтыру жұмысы.

VIII. Шаруа-әкімшілік жұмыстар.

1.1 Кіріспе

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы Түркістан облысы Жетісай ауданы Қазыбек би ауыл әкімшілігі «Құрбан ата» ауылы Қ. Ахметов № 20А үйде орналасқан.

Балабақша мемлекеттік комиссия шешімімен 21.04.2010 жылы берілген, ал 2010 жылдың 1 мамырында іске қосылды. 2011 жылы жаңа ғимарат салынып, сол балабақша төрт топқа арналып салынғанына байланысты 2012 жылдың шілде айынан екі топ қосылып, 90 бала болды. Балабақша ыңғайластырылған ғимараттан құрылған. Балабақшада төрт топ: шешінетін және қабылдау бөлмесі, оқу- ойын бөлмеден, жататын бөлмеден тұрады. Балабақшамызда асхана мен медицина бөлмелері бар.

Су, электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы газбен жылынады.

Балабақша темір бетонды қорғанмен қоршалған. Балабақша ауласы көгалдандырылған, жеміс бағы, әсемдік ағаштар мен гүлзарларға күтім жасалуда.

Балабақша учаскелерінде спорт алаңы мен әрбір топқа арналған саяжайлар бар, олар ойын құралдарымен жабдықталған.

Медицина бөлмесі балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен қатар сауықтыруға арналған медициналық құралдармен және дәрі – дәрмекпен жабдықталған.

Балабақшада 11 педагог жұмыс атқарады, олар білімі бойынша төмендегідей:

Жоғары білімді: 10 педагог

Арнаулы орта білімді: 1 педагог

Олардың санаттары төмендегідей:

Бірінші санатты: 3 педагог

Екінші санатты: 5 педагог

Санатсыз : 3 педагог

Балалар жасы бойынша 4 топқа бөлінеді:

Ерте жас «Балдырған» тобы -20 бала

Кіші «Балапан» тобы – 20 бала

Ортаңғы «Балбөбек» тобы – 25 бала

Ересек «Қарлығаш» тобы – 25 бала

Учаске алаңы – 1100,0

Жобалық қуаттылығы 90 балаға арналған, 4 топта.

Жұмыс уақыты 5 күндік, 8: 00- дан 18: 30 дейін.

Байланыс сымтетігі: 5- 01 – 72

1.2. 2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау

Өткен оқу жылында бөбекжай балабақшада 4 топ жұмыс істеді, онда 90 бала болды. Біздің ұжым мына төмендегі міндеттерді асыруда үлкен жұмыс атқарды:

«Денсаулық» білім саласы

1. Балаларды жаттығуды өздігінен дербес орындауға, әрі әуенге сәйкес сәнді қозғалыспен орындауға, ойынға ықыласпен көңілді қатысуға, денеі тік ұстап, сәнді жүруге, затты аспандата алысқа лақтыруға, қағып алуға, жүру, жүгіру, еңбектеу, секіру, өрмелеу, тепе- теңдікті сақтауға, кеуде, аяқ бұлшық еттерін жетілдіруге, екі- екіден, төртеуден тұрып, сап түзеп жүруге үйрету. Ептілік, батылдыққа үйрету. Ойын ережесіне бағынуға, шыдамдылыққа баулу.

2. Денсаулығын нығайту, шынықтыру.

«Коммуникация» білім саласы

1. Қазақ халқының тілін меңгеру, мәдениетін салт-дәстүрімен таныстыру мақсатында өз ана тілін құрметтеу арқылы балалардың санасына өз Отанына туған еліне деген құрмет пен мақтаныш сезімін қалыптастыру арқылы балалардың **коммуникативтік және шығармашылық құзыреттіліктеріне тәрбиелеу.**

2. Оқылатын тілдер бойынша балалардың белсенді және пассивті сөздігін дамытуға қажетті үштұғырлы тілдер бойынша міндеттерді іске асыру. Балалардың тілдерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Осы мақсатарды іске асыру барысында балалардың шығармашылық шабытын қалыптастыра отырып, адамгершілік, эстетикалық тәрбиені дамыту, бүлдіршіндердің өзіндік белсенділігі мен іскерлік қабілеттерін, шығармашылық қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау жұмыстарын жүргіздік. Сонымен қатар балалардың тілін дамытып, тілдің, дыбыстың мәдениетіне тәрбиелеу, сөздікті байыту және жандандыру жұмысы мен балаларды мектепке дайындау жұмысын іске асырдық.

Оқу – тәрбие процесіне тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі бағдарламалар: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 01 наурызындағы №205 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрілігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы.

Мектепке дейінгі балалардың білім деңгейін анықтау мақстанында жылына 3 рет мониторинг жүйесімен бақылау жүргізіледі.

Бақылау қорытындысы бойынша

Бастапқы

Аралық

Қорытынды

Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 6 меңгеруші жанындағы кеңес, 4 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата- аналар жиналысы, ата- аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын – сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар- практикумдар өтілді.

Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Баланың сөйлеуді дамыту қызметін ұйымдастыру», «Балаларды таныстыруға арналған көркем сурет туындыларына шолу», «Педагогтардың білімі мен білігін анықтау», «Мектепке дейінгі ерте жастағы балалардың ойын әрекетін дамыту» тақыптарында баяндамалар оқылды.

Педагогикалық кеңестің тақырыптарына сәйкес ортаңғы топ тәрбиешісі К. Алимбетова Сөйлеуді дамытудан «Электр құралдары», Сөйлеуді дамытудан «Бізді қоршаған әлем», С.Жолдасова Сөйлеуді дамытудан «Сүйкімді қуыршақтар», көркем әдебиеттен «Қуырмаш», Г.Райханова Сөйлеуді дамытудан «Дәрумендер», көркем әдебиеттен «Еңбек», Ғ.Ташбаева драмадан «Мақта қыз бен мысық », Көркем әдебиеттен «Гүлдер», С. Тасбулатова Сөйлеуді дамытудан «Отбасы мүшелері», дене шынықтырудан «Нық қадаммен артқа жүру және жылдам жүгіру. Тура жолмен жүруде тепе- теңдікті сақтау. Бір аяқтан бір аяққа секіру», М.Аққозова сөйлеуді дамытудан «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік», Сөйлеуді дамытудан «Табиғат құбылыстары», А.Абдрасилова Сөйлеуді дамытудан «Сүйкімді жануарлар», Көркем әдебиеттен «Бесік жыры» тақырыптарында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өтті.

Оқу қызмет барысында тәрбиешілер балалармен жүйелі жұмыс жүретіні, бағдарламаға сай білімдері бар екенін көрсетті.

Меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды. Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерулер, «Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі» тақырыпты тексеру, «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойын құралдарын пайдалануы» тақырыпты тексерулер ұйымдастырылды.

Өткізілген мерекелік іс- шараларға талдау жасалынып, жақсы деңгейде жүргізген тәрбиешілерді марапаттауға ұсынды. Педагогтардың өз білімдерін көтеру және тәлімгерлердің жас мамандармен жүргізген жұмыстары да талқыланып, нәтиже шығарылды.

Өнідірстік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығын қарау мәселелері және олардың рационалдық тамақтануын қадағалау қаралып отырды.

Тәрбиеші мамандарды тәжірибе алмасу мақсатында аудандық семинарларға қатысып, шыңдалып отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер, жоспардағы тақырыптар бойынша лекциялар тыңдалды. Мысалы: «Балалардың балабақшадағы дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу», тақырыбында консультация тәрбиеші К.Алимбетова, «Қодданбалы сәндік өнер құралдарының көмегімен эстетикалық тәрбие беру» семинар-практикум тәрбиеші Г.Райханова, «Бала тәрбиесінде дидактикалық ойындарды пайдалануы» семинар-практикум тәрбиеші Ғ.Ташбаева, «Отбасымен педагогикалық байланыс орнату жолдары», «Мектепке дейінгі ұйымдағы шынықтыру шаралары» атты тақырыпта семинар сабақ, лекциялар тәрбиеші С.Тасбулатова, «Мектепке дейінгі балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу» тақырыбында семинар-практикум, «Педагогтардың балалармен қарым-қатынас стилі» педагог-психолог А.Абдрасилова семинар ұйымдастырып өткізу арқылы өз жұмыстарын ойын-сабақтар өткізу арқылы іс-тәжірибе алмасты.

Жас мамандармен жұмыс жоспарға сәйкес жүйелі жүргізіледі. Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндіріледі. Тәрбиешілер оқу-тәрбие процесіне барынша жан-жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып, оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті өтуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша медбике Н. Қалжанова балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеруден өтулерін қадағалап отырды. Ас мәзірінің дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалдық тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді.

Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту мәселелері бойынша кеңес өткізіліп жылдық жоспар бекітілді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс-шарасы бойынша сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқау беру, жер сілкінісі, апат жағдайындағы жаттығулар ұйымдастырылып, өткізілді. Топ тәрбиешілері таным саласы бойынша «Жол және бала» ашық алаңда ойындар, «Бағдаршам», «Біз бақшаға барар жолда» қимылды, үстел үсті ойындары, «Көліктер», «Жер асты жолы» атты көркем әдебиеттер оқытылып, мақсатты серуен мен ауыл көшелеріне бақылау жүргізілді.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес тамыз айында «Күзгі дақылдар», желтоқсан айында «Коммуникация» білім саласына арналған көрнекіліктер көрмесі, ақпан айында «Қыс қызығы», сәуір айында «Шебер қолдар» атты көрмелер ұйымдастырылып, тәрбиешілер жасаған жұмыстарына жақсы баға берілді.

Балалармен жұмыс: Оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылып, ата-аналарға арналған ашық есік күндері өткізілді. Оқу жылы барысында атаулы мерекелерге байланысты «Алтын күз», «Жаса Қазақстан!», «Қош келдің Жаңа жыл!», «Айналайын анашым», наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Наурыз» атты мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Желтоқсан айында аудандық ашық есік күні болып тәрбиешілер ата-аналарға

балабақшаның тыныс тіршілігімен таныстырды. Ортаңғы топ бүлдіршіндері «Қош бол балабақша!» , жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес түрлі сауықтыру іс- шаралары мен серуендер ұйымдастырылды.

Балабақша ұжымы басқа балабақшалармен тығыз қарым - қатынаста жұмыс істейді. Аудандық білім бөлімі ұйымдастырған іс- шараларға белсене қатыстық.

Балабақша тәрбиешілері өз тәжірибелерін аудандық, Республикалық басылымдарында жариялады.

Жаз айларында балабақша ұжымы өз күшімен ғимаратты жөндеу жұмысын өткізіп, балабақша жаңа оқу жылына дайындық жасады.

Оқу процесінде баланың танымдық қабілетін, шығармашылығын арттыратын іс- әрекеттерге көбірек көңіл бөлу. Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыратын білім көтеру жұмыстарын жалғастыру. Жұмыс барысында жаңа технологиялық әдіс- тәсілдерді ендіру, жан- жақты ізденіп жұмыстар жүргізу. Замануи көрнекіліктермен қамтамасыз ету, сертификатталған ойыншықтар жиынтығын көбейту.

Осы кемшіліктерді жою мақсатында балабақша ұжымы 2021-2022 оқу жылына мынадай жылдық іс- шараларды мақсат етеді

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.

(2018ж 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген)

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы.

3. «Білім туралы» Заңының орындалуы

4. «Тіл туралы» Заңының орындалуы

1.3. 2022-2023 оқу жылының міндеттері.

Баланы ой-өрісі жаңашыл,шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында мына төмендегі міндеттерді алды:

1. Физикалық қасиеттерді дамыту

а) Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді ,өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

ә) Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени- гигиеналық дағдылар, қимыл- қозғалыс тәжірибесін, дене сапаларын және қимыл белсенділігін қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындармен, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындардың элементтерімен таныстыру.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту

а) Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастыру.

ә) Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекет кезінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу,шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым- қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешу.

1.4. Балабақшаның күн тәртібі

№	Күн тәртібінің элементтері	Кіші топ «Балапан»	Ортаңғы топ «Балбөбек»	Ересек тобы «Қарлығаш»
1	<i>Сәлеметсіңдар ме,балалар!</i> Балаларды қабылдау,тексеру,ойындар	08.00-08.25	08.00-08.30	08.00-08.25
	Ертеңгілік гимнастика	08.25-08.30	08.30-08.40	08.25-08.30
	Таңертіңгілік асқа дайындық,таңертеңгілік ас	08.30-09.00	08.40-09.05	08.30-09.00
	Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	09.00-09.30	09.05-09.20	09.00-09.15
2	<i>Ойнайық та,ойлайық!</i> Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістерді қоса алғанда)	09.30-10.00	09.20-10.10	09.15-10.00
3	<i>Табиғат аясында</i> Серуенге дайындық	10.00-10.20	10.10-10.20	10.00-10.20
	Серуен,табиғатпен таныстыру,еңбек,ойындар	10.20-11.30	10.20-12.00	10.20-12.10
	Гигиеналық және шынықтыру шаралары	11.30-11.50	12.00-12.20	12.10-12.30
4	<i>Ас-адамның арқауы</i> Түскі ас	11.50-12.30	12.20-13.00	12.30-13.00
5	<i>Тәтті ұйқы</i> Күндізгі ұйқыға жатқызу,ұйқы	12.30-15.00	13.00-15.10	13.00-15.10
6	<i>Ұйқымызды ашайық</i> Ұйқыдан ояну,шынықтыру шаралары	15.00-15.30	15.10-15.40	15.10-15.40
7	<i>Бесін ас</i> Бесін ас	15.30-16.00	15.40-16.00	15.40-16.10
8	<i>«Алақай ойын»</i> Сюжетті-рөлдік ойындар,шығармашылық және дидактикалық ойындар	16.00-16.20	16.00-16.30	16.10-16.30
	Серуенге дайындық	16.20-16.40	16.30-16.50	16.30-16.50
	Серуен,қимылды ойындар.Гигиеналық шынықтыру шаралары	16.40-17.30	16.50-17.30	16.50-17.30
9	<i>«Ертеңге дейін...»</i> Балалармен,ата-аналармен қарым-қатынас. Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	17.30-18.00	17.30-18.00

1.4. Балабақшаның күн тәртібі

Күн тәртібінің элементтері	Ерте жас тобы «Балдырған»	
Балаларды қабылдау, тексеру, ойындар, өз бетінше әрекет, жеке жұмыс	08.00-08.25	08.00-08.25
Гигиеналық шаралар. Таңғы ас	08.25-09.05	08.25-09.00
Заттық әрекет, баланың бастамасы бойынша ойындар	09.05-09.40	
Ұйқы	09.40-11.30	
Ересектің басшылығымен оқу-танымдық іс-әрекет, ойындар, серуен		09.00-09.20
1 топшалармен ойын-ұйымдастырылған оқу қызметі		09.20-11.20
Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу	11.30-11.40	
Гигиеналық шаралар. Түскі ас	11.40-12.20	11.20-12.00
Ұйқы		12.00-15.00
Белсенді сергектену 1 топшалармен ойын – ұйымдастырылған оқу қызмет 2 топшалармен ойын – ұйымдастырылған оқу қызмет	12.30-12.50	
	13.50-14.10	
Екінші ұйқы	14.30-16.00	
Ұйқыдан біртіндеп тұрғызу, сауықтыру және гигиеналық шаралар	16.00-16.20	15.00-15.40
Бесін ас	16.20-16.40	15.40-16.00
Ересектің басшылығымен оқу-танымдық іс-әрекет, ойындар, серуен	16.40-17.30	16.00-17.30
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	17.30-18.00

1.5. Үлгілік оқу жоспары

Ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі

Ерте жас (1 жастағы) «Балдырған» тобының
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекет кестесі

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру -3	Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)			Дене шынықтыру (1)
Музыка -1				Музыка (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**Кіші (2 жастағы) «Балапан» тобының
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру -3	Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)
Музыка -1				Музыка (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**Ортаңғы (3 жастағы) «Балбөбек» тобының
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру -3	Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)			Дене шынықтыру (1)
Қазақ тілі -1			Қазақ тілі (1)		
Музыка -1				Музыка (1)	
Вариативтік компонент -1				«Көңілді бояулар» (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

**Ересек (4 жастағы) «Қарлығаш» тобының
2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс -әрекет кестесі**

Ұйымдастырылған іс- әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Дене шынықтыру -3	Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)
Қазақ тілі -1		Қазақ тілі (1)			
Музыка -2		Музыка (1)		Музыка (1)	
Вариативтік компонент -2		«Қызықты логика әлемі»-1		«Шебер қолдар» (1)	

Ескерту: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру күн сайын циклограммада жүргізіледі.

II. Мамандармен жұмыс.

2.1. Педагогикалық кеңестер.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім, талдау және зерттеу дағдысын, бала дамуына психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге, кәсіби құзіреттілікті меңгеруге көмек беру.

№ 1 пед кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 03 қазандағы № 348 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің № 557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін бекіту	Тамыз	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	«Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» баяндама		Тәрбиеші Г. Райханова
3.	Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту		Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
4	Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қорытындылау		Әдіскер З.Абенова

№2 пед кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Қазан	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	«Ойын арқылы оқыту технологиясы» баяндама		Тәрбиеші

			Ғ.Ташбаева
3.	«Психологиялық-педагогикалық жағдайда ата-аналармен балалар арасындағы қарым-қатынасты дене тәрбиесі амалдары арқылы үйлестіру» баяндама		Педогог-психолог Г.Балғабекова
4	«Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы		Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова

№ 3 пед кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Желтоқсан	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	«Балалардың құзіреттілігін дамытуға мониторинг» Пікір алмасу		Тәрбиешілер
3.	«Дамыту ойындарын өткізу барысында балалардың тілін дамыту» баяндама		Тәрбиеші С.Тасбулатова
4	Педагогтардың тілдесу мәдениеті тәртібін, әдептілікті сақтау ережесін бақылау		Әдіскер З.Абенова
5	Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдау		Тәрбиешілер

№4 пед кеңес.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Наурыз	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	«Дидактикалық ойын арқылы балалардың тілін дамыту» баяндама		Тәрбиеші К.Алимбетова
3	«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тренинг		Педогог-психолог Г.Балғабекова
4	Математика негіздері іс-әрекетінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы. Тақырыпты тексерудің қорытындысы		Меңгерушінің міндетін уақытша

			атқарушысы С.Жолдасова
5	Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін талдау		Тәрбиешілер

№ 5 пед кеңес.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Мамыр	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі		Тәрбиешілер
3	Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі		Тәрбиешілер
4	Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау		Әдіскер З.Абенова

2.2. Өндірістік кеңестер

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
№ 1 кеңес			
1	Жазғы сауықтыру шараларының, ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы	Қыркүйек	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау		Әдіскер З.Абенова
3	Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі, жұмыс кестесі мен лауазымдық міндеттерімен таныстыру		Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
4	«Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» баяндама		Тәрбиеші Ғ.Ташбаева
№ 2 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Желтоқсан	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	Мереке күндеріндегі балалар тамағы		Мейірбике Н.Калжанова
3	Жылу жүйесін бақылау		Шаруа меңгеруші Н.Алипов
4	Жаңа жыл ертенгіліктерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау		Әдіскер З.Абенова

№3 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Наурыз	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Шаруа меңгеруші Н.Алипов Әдіскер З.Абенова
2	«Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы		
3	Көгалдандыру жұмыстары		
№4 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Маусым	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Мейірбике Н.Калжанова
2	Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау		
3	Бала денсаулығын нығайту. Жаз мезгілінде болатын аурулардың алдын алу шаралары		
4	Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау		Шаруа меңгеруші Н.Алипов Шаруа меңгеруші Н.Алипов
5	Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру		

2.3 Меңгеруші жанындағы кеңестер

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
№ 1 кеңес			
1	Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)	Қыркүйек	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Тәрбиешілер Әдіскер З.Абенова
2	«Тіл басты байлығымыз» іс-шарасын бекіту, дайындық		
3	Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық		
4	«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту		
№ 2 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Қараша	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Әдіскер З.Абенова Тәрбиешілер Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
2	«Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» Тақырыпты тексерудің қорытындысы		
3	Тіл апталығын, «Алтын күз» мерекелерін талқылау		
4	Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту		
№3 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Желтоқсан	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Тәрбиешілер Әдіскер З.Абенова
2	Өткен мерекелерді талдау		
3	«Балалардың даму деңгейінің индикаторы» аралық мониторингтің жүргізілуі		
№4 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Ақпан	Меңгерушінің міндетін уақытша
2			

3	«Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы		атқарушысы С.Жолдасова
4	Мерекелердің өткізілуін талдау		Әдіскер З.Абенова
	8 наурыз, Наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту		Тәрбиешілер Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова
№ 5 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Сәуір	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Тәрбиешілер Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Педагогтар Тәрбиешілер
2	Өткізілген мерекелерді талдау		
3	Мамыр мерекелерінің іс-шараларын бекіту		
4	Өз білімін көтеру нәтижелері		
5	Қол өнер көрмесі		
№6 кеңес			
1	Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы	Шілде	Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Тәрбиешілер Ұжым Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушысы С.Жолдасова Әдіскер З.Абенова
2	Мамыр мерекелерін талқылау		
3	Жаңа оқу жылына дайындық		
4	Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту		
5	№ 1 педкеңеске дайындық		

2.4. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі

№	Аты-жөні	Қызметі	Мамандығы	Санаты	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026
1	С.Жолдасова	Меңгеруші нің м.у.а	Бастауыш сынып мұғалімі	I		+				+			
2	З.Абенова	Әдіскер/ Тәрбиеші	Бастауыш сынып мұғалімі	I		+				+			
3	Г.Балгабекова	Психолог	Педагог- психолог	II					+				
4	К.Алимбетова	Орыс тілі мұғалімі Тәрбиеші	Орыс тілі мұғалімі	I		+				+			
5	Г.Райханова	Тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші	II					+				
6	С.Тасбулатова	Тәрбиеші	Тарих және география пәні мұғалімі	II					+				
7	А.Абдрасилова	Тәрбиеші	Педагог- психолог							+			
8	М.Аккозова	Тәрбиеші	Педагог- психолог	II			+			+			
9	С.Жунисова	Тәрбиеші	Педагог- психолог	II						+			
10	Г.Ташбаева	Тәрбиеші	Бастауыш сынып мұғалімі	II			+			+			
11	М.Табылдиев	Музыкант	Музыкалық білім	II			+			+			

2.5 Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары

№	Аты-жөні	Қызметі	Мамандығы	Санаты	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026
1	С.Жолдасова	Меңгеруші нің м.у.а	Бастауыш сынып мұғалімі	I	+					+			
2	З.Абенова	Әдіскер/ Тәрбиеші	Бастауыш сынып мұғалімі	I		+					+		
3	Г.Балгабекова	Психолог	Педагог- психолог	II					+				
4	К.Алимбетова	Орыс тілі мұғалімі Тәрбиеші	Орыс тілі мұғалімі	I			+					+	
5	Г.Райханова	Тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші	II		+					+		
6	С.Тасбулатова	Тәрбиеші	Тарих және география пәні мұғалімі	II				+					+
7	А.Абдрасилова	Тәрбиеші	Педагог- психолог			+					+		
8	М.Аккозова	Тәрбиеші	Педагог- психолог	II		+					+		
9	С.Жунисова	Тәрбиеші	Педагог- психолог	II				+					+
10	Г.Ташбаева	Тәрбиеші	Бастауыш сынып мұғалімі	II		+					+		
11	М.Табылдиев	Музыкант	Музыкалық білім	II		+					+		

